

БАҒА БАРОМЕТРЫ

2022 мамыр

**Мерзімді зерттеу
2022 Маусым**

МАЗМҰНЫ

05 [Әлемдік тренд](#)

06 [Ішкі инфляция](#)

08 [Азық-түлік инфляциясы](#)

10 [Қант мәселесі](#)

11 [Азық-түліктік емес инфляция](#)

11 [Ақылы қызмет инфляциясы](#)

12 [Өңірлік инфляция](#)



Негізгі тұжырымдар



Мамыр айында елімізде жылдық инфляция 14.0%-ға дейін өсті. Бағаның қымбаттағаны тұтыну себетінің барлық бөлігінде байқалды, көп үлес қосқан азық-түлік бөлігі болды



Қазір ТБИ азық-түліктік бөлігінің өсімі төмендегендіктен, айлық тұтыну инфляциясының өсу қарқыны да бәсеңдеді



Инфляцияның өсуіне мынадай сыртқы факторлар әсер етуде: Украинадағы әскери қақтығыс аясында энергия тасымалдаушыларға, азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты әлемдік бағалардың өскендігі



Азық-түліктік емес инфляцияның өсуіне импорттық тауарлар бағасының өсуі себеп болды. Бұл қымбаттау - енгізілген шектеулер, тауарларды жеткізу тізбегінде бағаның өсуі және өндіріс тізбегіндегі іркілістердің салдарынан орын алды



Инфляцияның ішкі триггері (қозғаушы күші) ретінде инфляцияның өсетіндігі туралы халықтың болжамын, Үкіметтің жұмсақ бюджеттік саясатының шараларын және ішкі тұтынудың импортқа айтарлықтай тәуелді екендігін айтуға болады



Реттелетін коммуналдық қызметтерге қатысты тарифтердің қымбаттауына мемлекет тарапынан мараторий жарияланғаны және сұйытылған табиғи газ бағасын реттеу - инфляцияны ауыздықтауға оң әсерін тигізуде

Негізгі тұжырымдар



Ел өңірлері тұрғысынан алып қарағанда, 2022 жылдың мамыр айында бүкіл еліміз бойынша инфляция өсімінің орташа мәнінен асып жығылатын, ең жоғары инфляция қарқыны 4 өңірде байқалды



Ішкі инфляцияның одан әрі өршуіне ықпал ететін басты қауіп-қатерлер - жалпы әлемдік инфляциялық ахуал және геосаяси қақтығысқа қатысты жағдайдың белгісіздігі



Егер қосымша жағымсыз жайттер орын алмаса, біздің болжауымызша инфляция биылғы жылдың соңына қарай 14-15% шамасында болады. Дегенмен әлемдік тауар нарықтарында сұраныс пен ұсыныс арасында үйлесімсіздіктің пайда болуы, әріптес елдерден инфляцияның келуі және елімізде бюджеттік саясаттың жұмсақ болуы салдарынан келетін елеулі тәуекелдер, қатерлер бар



Бағалардың өсуінің негізгі драйвері - азық-түлік инфляциясы болып қала бермек. Қазіргі жағдайда бұл болжамдар өзінің қалыпты диапазоннан асатын белгісіздігімен, яғни айқын еместігімен сипатталады



2021 жылдың маусым-тамызында көкөністер пен жемістер бағасының шектен тыс қымбаттап кеткендігі 2022 жылы да осы тауарлар бағасының бірқалыпты сипатта өсуіне ықпал ететін болады. Бұл өткен жылдың жоғары базасы нәтижесінің әсерімен түсіндіріледі

Сыртқы экономикалық факторлар ішкі бағаларға инфляциялық сипатта әсер етеді

Әлемдік тренд


Инфляцияның өсуіне мынадай сыртқы факторлар әсер етуде: Украинадағы әскери қақтығыс аясында энергия тасымалдаушыларға, азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты әлемдік бағалардың өскендігі.

Бағалардың өсуіне ең ірі мұнай экспорттаушы елдердің бірі - Ресейге қарсы енгізілген санкциялар төңірегінде мұнай ұсыну бойынша тапшылық болатындығы туралы болжамдар да әсер етуде. Баға бір баррель үшін 117.9 долларға дейін көтерілді. Бұл сәуірдегі көрсеткіштен 9.3%-ға жоғары.

ФАО (БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының) композиттік индексінің мәні 157.4 пункт белгісіне жетті. Бұл 2022 жылдың наурыз айымен салыстырғанда аздап төмен. Еске сала кетелік, наурыз айында оның мәні 159.7 пунктке жеткен еді. Бұл индексті есептеу қолға алынған 1990 жылдан бергі рекордтық көрсеткіш.

Қазір бүкіл әлемде инфляциялық үдерістер біртіндеп күшейіп, өсуін жылдамдатып жатыр. Бұл жалпы әлемдік үрдіске айналды. Халықаралық валюта қорының деректері бойынша АҚШ-та, Ұлыбританияда және Еуропалық одақта инфляцияның өсіп жатқандығы байқалады. Бұл елдерде әдетте инфляция деңгейі тұрақты әрі төмен болатын. Ал қазір рекордтық көрсеткіштерге жетіп отыр.

Азық-түлік тауарларының бағалары бойынша ФАО индекстері



Мамыр айында жылдық инфляция 14,0%-ға жетті. Бұған азық-түлік бағаларының өсуі айрықша ықпал етуде

Ішкі инфляция


ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) растуынша елімізде ішкі инфляцияның жылдам өсу үрдісі сақталуда.

Май айының қорытындысы бойынша **жылдық инфляция 14.0%-ға жетті**. Сәуір айында бұл көрсеткіш 13.2%-ды құраған еді. Ұлттық Банктің 2022 жылға таргеттеген (көздеген) инфляция деңгейі 4-6%-ға тең.

Жылдық тұрғыда инфляция индексінің барлық құрамдас бөліктерінде инфляциялық үрдіс күшейген:

- **азық-түлік тауарлары – 19.0%** (сәуірде 17.9%),
- **азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 11.9%** (11.1%),
- **көрсетілетін ақылы қызметтер – 9.1%** (8.9%).

Тұтыну инфляциясының даму барысы




* ҰСБ деректеріне сәйкес құрамдас бөліктер бойынша инфляция барысы олардың ТБИ-ға әсері ескеріле отырып, көрсетілген

Айлық тұтыну инфляциясының өсу қарқыны біртіндеп 1.4%-ға дейін баяулағаны байқалады. Бірақ бұл төмендеуді тұрақты деп айтуға болмайды

2022 жылдың мамыр айында тұтыну себеті құнының өсуі 1.4%-ды құрады. Бұл көрсеткіш сәуір айында 2.0%, ал наурызда 3.7% болды. **Азық-түлік тауарларының** бағасы бір ай ішінде 1.7%-ға (азық-түлік себетіндегі алатын үлесін ескере отырып, ТБИ-ға қарай +0.7%), **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** 1.0%-ға (+0.4%), **көрсетілетін ақылы қызметтер** - 0.8%-ға (+0.2%) өсті.

Азық-түлік тауарлары бойынша бағаның өсу қарқынының бәсеңдеуі **көкөніс бағасының дефляциялық (бағаның төмендеуі) әсерімен** - 13.8% (көкөніс бағасының маусымдық құбылысы), ет бағасының өткен айларға қарағанда баяу сипатта 1.1%-ға (сәуірде – 2.2%), нан-бөлішке өнімдері мен жарманың 3.3%-ға (4.4%) өсуімен қамтамасыз етілді.

Тұтыну инфляциясының даму барысы



Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсімі тауар топтарының көпшілігінде орын алды


Азық-түлік инфляциясы

Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсімі (+19.0%) тауық жұмыртқасы бағасының дефляциясын (бағаның төмендеуі) қоспағанда, барлық дерлік тауар топтарында байқалды. Әсіресе бағалардың елеулі түрде өскендігі ет бағасында (14.6%), сүт өнімдерінде (18.7%), нан-бөлішке өнімдері мен жармада (20.8%), көкөністер мен жемістерде (26.2%), қант және басқа да кондитерлік өнімдерде (32.0%) орын алды. Азық-түлік инфляциясының өсуіне олардың қосқан жиынтық үлесі 15.0%-дан асты.


Мамыр айында **азық-түлік тауарлары** бағасының айлық өсімі көкөністер пен жемістер бағасының төмендеуі (дефляция – 0.9%) және ет (1.1%), нан-бөлішке өнімдері мен жарма (3.3%), сондай-ақ қант бағасының (4.1%) өткен айларға қарағанда баяу сипатта өсуі себебінен біртіндеп бәсеңдеді.

Азық-түлік инфляциясының даму барысы


Ет (ет өнімдерін қосқанда)




Нан-бөлішке өнімдері және жарма



Көкөніс пен жемістер



Қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер



Ет бағасының өсуі жемдік астық бағасының өсуіне тәуелді. Елімізде тұтынылатын ет көлемінің 92.1%-н отандық өндіріс қамтамасыз етеді

Етті тұтыну бағасының өсуі жемдік астық және жем-шөпке қолданылатын бұршақ дақылдары бағасының өсуіне тәуелді

Дәнді дақылдар бағасының жоғары болуы 2021 жылы астық өнімінің төмен болғандығы және 2022 жылы оған қатысты тапшылық байқалатындығы туралы болжамдардың себебінен сақталуы мүмкін.


Украинадағы әскери қақтығыс салдарынан бұл елде өндіріс саласының дамуы төмендегені және егіс алқаптарының біршама бүлінгені байқалады.

Дәнді дақылдардың бағасы ет, сүт өнімдері, ұн және нан-бөлішке өнімдері өндірісіне тікелей әсер ететіндіктен, бұл өнімдердің бағасы одан әрі қымбаттайтын болады.

Көкөністер пен жемістер бағасының өсуіне әсіресе жемістер бағасының елеулі түрде қымбаттағаны негіз болды.

Бұл ретте көкөніс бағасы өткен аймен салыстырғанда (сәуірде – 46.0%) баяу өсті - 31.5%. Бұған бағаның маусымдық өзгерісі әсер етті.

Азық-түлік инфляциясының құрылымы



* ҰСБ деректері бойынша азық-түлік инфляциясының даму барысы олардың ТБИ-ға жасаған үлесін ескере отырып, көрсетілді

Қанттың тапшылығы, оны экспорттауға шектеу қою және осыған байланысты халықтың дүрлігуі бағаның жылдық тұрғыда 59.9%-ға өсуіне әкеп соқты

Қант мәселесі

Ресей 2022 жылдың наурыз айының ортасынан бастап, шетелге қант шығаруға уақытша шектеу қойғандықтан, елімізде қант бағасы қымбаттауда. Өйткені Ресей - Қазақстанға ең көп қант экспорттаушы ел. Бұл ретте қантты ЕЭО-ға мүше мемлекеттерге шығару тек РФ Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылады.

Одан басқа, Үндістан өзінің ішкі нарығында қанттың қолжетімділігін арттыру және бағасының өсуіне жол бермеу үшін соңғы 6 жыл ішінде

тұңғыш рет оны экспорттауға шектеу қойды. Үндістан - әлемдегі ең ірі қант және шикі-қант экспорттаушы мемлекет.

Отандық нарықта көтерме сатып алушылар үшін қанттың тапшы болып жатқандығы туралы азық-түлік тауарларын өндірушілердің мәлімдемесі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігін ақ қантты және құрақты шикі-қантты әлеуметтік маңызға ие тауар ретінде бағалап, ағымдағы жылдың 23 мамырынан бастап, алты айға уақытша сыртқа шығаруға тыйым салды.



Сервистік инфляцияны тежеу үшін коммуналдық қызметтердің бағасын ұстап тұру секілді әкімшілік шаралар қолданылады

Азық-түліктік емес инфляция

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша (+11.9%) жылдық тұрғыда елеулі баға өсімі жеке пайдалануға арналған тауарларда (19.5%), тұрмыстық құрал-жабдықтарда (20.2%), мотор майында (21.6%) және дизель отынында (41.5%) байқалды. Тек сұйытылған газ (0.2%) бойынша ғана баға Үкіметтің бекіткен шекті бағасына байланысты аздап төмендеді.

Мамыр айында **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасының өсу қарқыны аздап үдей түсті. Сөйтіп 1.4%-ды (сәуірде – 1.2%) құрады.

Айта кетелік, жеке пайдалануға арналған тауарлар – 4.3%, жуғыш және тазартқыш заттар – 3.7%, киім-кешек және аяқ киім – 1.5% бағаларының айтарлықтай өскендігі байқалады. Мамыр айында жанар-жағар май материалдарының бағасы 1.4%-ға, оның ішінде бензин бағасы – 0.2%-ға төмендеді. Дизель отынының бағасы бұрынғы деңгейінде қалды.

Ақылы қызмет инфляциясы

Ақылы қызмет саласында (+9.1%) бағаның айтарлықтай жылдық өсімі амбулаторлық қызметтерде (12.8%), мейрамхана және қонақ үй бизнесі (14.4%) және тұрғын үйді жалдау қызметінде (24.0%) байқалды. Көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі оның ішінде пандемия кезіндегі оқшаулау кезеңінен кейінгі тұтынушылық сұраныстың қайта қалпына келуімен түсіндіріледі.

Бұл ретте мамыр айында ақылы қызмет инфляциясының бәсеңдегені одан әрі жалғаса түскендігін (0,8%) атап өткен жөн.

Реттелетін коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуіне қойылған мараторий айлық сервистік инфляция динамикасына дезинфляциялық (инфляция өсімінің баяулауы) сипатта айрықша ықпал етуде. Мысалы, мамырда ыстық су – 0.9%, суық су – 0.2% және су бұру – 0.5% секілді коммуналдық қызметтерде бағаның төмендегені байқалады.

Еліміздің 15 өңірінде инфляцияның жылдық көрсеткішінің жедел өсе бастағаны байқалады. Ал оның бәсеңдеуі тек Жамбыл мен Түркістан облыстарында ғана орын алды

Өңірлік инфляция

Еліміздің өңірлері тұрғысынан алып қарағанда, 2022 жылдың мамыр айында инфляцияның (оның еліміз бойынша өсімінің орташа мәнінен асатын) ең жоғары өсу қарқыны 4 өңірде байқалады.

Бағалардың барынша өсуі мына облыстарда тіркелді:

- Маңғыстау облысы – 2.2%,
- Батыс Қазақстан облысы – 1.9%,
- Қарағанды және Атырау облыстары – 1.7%.

Қызылорда облысы, Шымкент және Алматы қалаларында тұтыну себеті бағасының өсу қарқыны жалпы республикалық көрсеткішке сәйкес келеді.

Инфляцияның ең төмен деңгейі мына өңірлерде орын алды:

- Жамбыл облысы – 1.0%,
- Түркістан облысы – 0.9%,
- Ақмола облысы – 0.8%.

Азық-түлік тауарларының бағасы бәрінен бұрын Батыс Қазақстан облысында – 3.1%, Атырау облысында – 2.8% және Алматыда – 2.4% қымбаттады. Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында азық-түлік инфляциясының өсу қарқыны еліміз

бойынша орташа көрсеткішке сәйкес келеді. Керісінше Ақмола мен Түркістан облыстары және ел астанасында азық-түлік бағасы шамалы ғана өсті (өсім - 0.9%).


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бәрінен бұрын Маңғыстау облысы мен Нұр-Сұлтан қаласында қымбаттады (өсім - 2.4%).

Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында бағалардың өсуі еліміз бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсіміне тең дәрежеде сәйкес келді. Бұл ретте Ақтөбе (0.9%) мен Түркістан облыстарында (0.6%) бағалар еліміз бойынша көрсеткішке қарағанда аз өсті.

Ақылы қызметтер бағасының ең жоғары өсімі Маңғыстау облысында байқалды – 2.1%. Батыс Қазақстан, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында баға өсімі республика бойынша орташа көрсеткішке сәйкес келеді. Ақылы қызметтер бағасы өсімінің ең төмен қарқыны Алматы қаласында – 0,2% және Жамбыл облысында 0.3% тіркелді.

Өңірлер тұрғысынан алғанда тұтыну инфляциясы, %, а/а


Қазақстан - 1.4



төмен — жоғары


2022 мамыры мен 2021 мамырында инфляцияның айлық өсімінің айырмасы, п. т.

Қазақстан - 0.7



Өңір	Тұтыну инфляциясы, %		Азық-түлік тауарлары, %		Азық-түлікке жатпайтын тауарлар, %		Ақылы қызметтер, %	
	ж/ж	а/а	ж/ж	а/а	ж/ж	а/а	ж/ж	а/а
Қазақстан Республикасы	14.0	1.4	19.0	1.7	11.9	1.4	9.1	0.8
Ақмола облысы	13.9	0.8	19.1	0.9	12.5	1.0	8.3	0.4
Ақтөбе облысы	13.9	1.1	20.7	1.7	11.5	0.9	6.9	0.4
Алматы облысы	13.4	1.6	18.0	2.4	11.5	1.8	8.7	0.2
Атырау облысы	13.1	1.7	18.1	2.8	12.6	1.3	6.6	0.4
Батыс Қазақстан облысы	13.5	1.9	17.8	3.1	11.5	1.3	9.5	0.9
Жамбыл облысы	13.1	1.0	19.9	1.3	10.8	1.2	6.3	0.3
Қарағанды облысы	14.8	1.7	19.0	1.8	13.3	2.1	10.5	1.1
Қостанай облысы	13.5	1.5	18.6	1.8	11.3	1.3	8.5	1.1
Қызылорда облысы	13.1	1.4	17.6	1.9	11.7	1.1	8.1	0.7
Маңғыстау облысы	15.2	2.2	21.0	2.1	13.1	2.4	9.3	2.1
Павлодар облысы	13.6	1.5	18.6	1.8	11.2	1.3	8.8	1.3
Солтүстік Қазақстан облысы	13.4	1.2	19.0	1.6	10.6	1.1	8.2	0.8
Түркістан облысы	15.4	0.9	20.7	0.9	12.1	0.6	11.1	1.3
Шығыс Қазақстан облысы	14.5	1.2	17.3	1.1	13.5	1.6	11.4	1.0
Нұр-Сұлтан қаласы	14.4	1.2	18.1	0.9	14.3	2.4	8.9	0.3
Алматы қаласы	13.9	1.4	19.6	1.9	10.6	0.7	9.1	1.2
Шымкент қаласы	13.6	1.4	19.8	2.2	10.2	1.2	8.3	0.4

Өңірлік бағаны жалпы республикалық бағамен салыстырғанда



төмен

жоғары

Автор: Айжан Әлібекова (A.Alibekova2@jusan.kz)

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz

Жауапкершіліктің шектелуі:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Аталмыш материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз. Біз оқырмандардың дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін жауапты болмаймыз.

«Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

© 2022 ж., барлық құқықтар қорғалған.



JUSAN ANALYTICS